

«Бекітемін»
№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
менгерушісі М.С.Ермаганбетова
«04» 2024 ж.

№35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК
Педагогикалық кеңес хаттамалары
2024-2025ж

Аттестаттауға дайындық, аттестациялық ұсыныстардың орындалуы

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	- педагогикалық қызметкерлердің кезекті, кезектен тыс біліктілік санатын көтеру туралы немесе алдыңғы аттестаттаудан алған біліктілік санатын растау туралы өтінішін қабылдау; МДҰ аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту.	Желтоқсан 2024 ж. дейін Маусым 2025 ж.	Меңгеруші Әдіскер

Жас мамандармен жұмыс

№	Жұмыс мазмұны	Уақыты
1.	Кеңес «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша перспективалық, циклограммалық жоспар құру»	Қыркүйек
2.	Тақырыбы: «Балалармен индикаторлар жүйесін жүргізу»	Қаңтар
3.	Тақырыбы: «Жазғы сауықтыру маусымында оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыру» Жазғы маусымда балаларды дамытудың ерекшеліктері. Тәжірибелік бөлім: «Педагогтың жазғы қызметі»	Сәуір
4.	Жас маманның сый қоржыны (Рефлексия)	Мамыр

Педагог мамандармен жүргізілетін жұмыстың түрлері

Педкеңестер:

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы және бағдарламалары	Мерзімі	Жауаптылар
1.	№1 пед.кеңес 1.Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау; 2.Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылына даярлығы; 3.Бекіту: - Жылдық жоспар; - Күн тәртібі; 4. 2024 ж. Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы; 5.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы	Тамыз Ұйымдастыру	Меңгеруші Әдіскер педагогтар
2.	№2 пед.кеңес 1. №1 пед.кеңестің шешімі 2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы; 3. Жаппай бақылау нәтижесі: Мектеп жасына дейінгі балаларда біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыру ашық қаралымның нәтижесі	желтоқсан	Меңгеруші Әдіскер педагогтар

3.	<p align="center">№3 пед.кеңес</p> <p>1. №2 пед.кеңестің шешімінің орындалуы 2. Мектепке дейінгі мекемеде заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру жаппай бақылау нәтижесі</p>	сәуір	Меңгеруші Әдіскер педагогтар
4.	<p align="center">№4 пед.кеңес</p> <p>1. №3 пед.кеңестің шешімінің орындалуы 2. Жыл қорытындысы бойынша педагогтардың өзіндік талдауы 3. Жаппай бақылау нәтижесі: Қорытынды ашық қаралым бойынша талдау 4. 2024-2025 оқу жылындағы балалар мониторингінің қорытындысы 5. 2025 ж. Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы; 6. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту</p>	Мамыр Қорытынды	Меңгеруші Әдіскердің, педагогтардың жылдық есебі

Қалалық семинар

№	Тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
1	<p>Ақтөбе қалалық білім бөлімі «BILIM QAZYNA» КММ «Театр арқылы балалардың әлеуметтенуіне және жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету»</p> <p>Мақсаты: мектепке дейінгі білім беру ұйымында театр арқылы балалардың әлеуметтенуіне, адамгершілікке, жеке тұлға болып қалыптасуына ықпал ету әдіс- тәсілдерін педагогтарға іс- тәжірибе арқылы тарату.</p>	27.02 2025	Әдіскер тәрбиешілер №35,19,34,2 2
2	<p>Ақтөбе қалалық білім бөлімі «BILIM QAZYNA» КММ «Балаларды балабақшаға қабылдау және алу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету: бұйрықтар, келісім шарттар, құжаттар, Ұлттық білім беру деректері, автоматтандырылған жүйесі» тақырыбындағы қалалық мобильді топтың дөңгелек үстел</p> <p>Мақсаты: Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптарды ұйымдастыру</p>	07.04.2025	Әдіскер тәрбиешілер №35,14

Төрайым: М.С. Ермаганбетова
Әдіскер: Ж.С. Нурғалиева
Педагогтар.

№1 педкеңестің жоспары

1. Балабақшаның жазғы сауықтыру жұмыстарына талда;
2. Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылына даярлығы;
3. Бекіту: - Жылдық жоспар;
- Күн тәртібі.
4. 2024 ж. Педагог қызметкерлерді аттестатту мен біліктілігін арттыру қорытындысы;
5. Топтардың жаңа оқу жылына даярлығы

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С. Ермаганбетова педагогикалық кеңесті жалпы балабақшадағы оқу-тәбие процесінің жүргізілуі мен ата-аналардың балабақшаға көз қарастары туралы айтып, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды.

Тыңдалды: балабақша медбикесі: Дүйсенова Қ.Ж.

Жазғы сауықтыру жұмыстары жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды және тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау, денсаулықты сақтау тәртібін ұйымдастыру, балалардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының негізгі мақсаты:

балабақшада балалармен жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға ең тиімді жағдайлар жасау және балалардың жазғы мезгілде танымдық қызығушылығын дамыту; балалардың спорттық іскерліктері мен машықтарын дамыту және балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру бойынша жұмыстарды жалғастыру; балалардың көтеріңкі көңіл-күйін туғызу.

Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді.

Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Дене тәрбиешілермен бірге «Балаларды қорғау күні», «Нептун күні» ойын-сауықтарын өткізді. Жас ерекшеліктері әр түрлі топтар қатысқан «Спорт және денсаулық апталығы» балалар үшін қызықты мереке болды, қимылды ойындар мен спорттық жарыстар барысында ойынға қатысушылар өз ептіліктерін және мықтылықтарын көрсетті.

Серуен кезінде балалар тек қимылды ойындармен қатар футбол, велосипед тебу сияқты спорттық ойындар да ойнады.

Жазғы мезгілде сауықтыру және шынықтыру шараларын өткізуге мүмкіндік көп. Әдіскер мен тәрбиешілер жазғы сауықтыру және шынықтыру жұмыстарын жоспарын алдын-ала жасақтады және дайындық жүргізді. Ауызды шаю, қолды шаю, ауа және күн ванналарын қабылдау, саяжайда жалаң аяқ жүру сияқты шынықтыру шаралары күнделікті жүргізілді. Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігі қатаң бақылауда болды.

Қимылды ойындардың уақыту, ұзақтығы, жүктемесі қатаң бақылауда болды (көп

қозғалысты талап ететін қимылды ойындар күн көзінің қатты қыза қоймаған сәтінде серуеннің басында өткізілді). Күн ыссы уақытта балалар ағаштардың көлеңкесіндегі жолдармен жүгіріп шынықты және тыныстау гимнастикасының кешенін орындады. Балалардың танымдық белсенділігін арттыру үшін тәрбиешілер құммен эксперимент жасауды жиі қолданды. Балалардың көңіл-күйін көтеру мақсатында жаз мезгілінде әр түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылды: «Қызықты суреттер» (дәстүрден тыс сурет салу, көкөністерден жасалған мортабандар), тастанды және табиғи материалдармен жұмыс, «Сабын көпіршігі» күні, «Күншуақ қоян» күні және т.б. Әрбір топ балалардың қол еңбегімен айналысуға арналған құрал-саймандармен қамтылған. Бақшада әрбір топтың өзіне тиесілі бөліктерінде балалар гүл, қызанақ, көкөрам, көкжелек, т.б. отырғызды. Тәрбиешілердің басшылығымен оларды суарып, топырағын қопсытып, арам шөптерден тазалап күтіп баптады.

Жазғы мезгілде ата-аналармен жұмыс жалғастырылды. Ата-аналарға ақыл-кеңестер берілді, әңгімелер жүргізілді. Ата-аналар бұрышындағы жазғы мезгілде балалардың денсаулығын қорғау және нығайту, ағзаны шынықтыру, тыныс алу гимнастикасы, тамақтандыруды және жазғы демалысты ұйымдастыру туралы ақпараттар мезгілімен ауыстырылды.

Тыңдалды: Нурғалиева Ж.С. әдіскер. 2. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы әдіскер Нурғалиева Ж.С топ тәрбиешілеріне оқу құралдары кітаптармен көрнекіліктері болуын нақтылы айтты. Балабақша топтарының жас кезеңіне сәйкес оқу қызметінің кестесін күн тәртібін бекіту туралы әдіскер Ж.Нурғалиева балабақшадағы топтардың жас кезеңіне сәйкес оқу қызметінің кестелерін, күн тәртібін сәйкестендіріп бекітті. 3. №35 «Балбұлақ» балабақшасының 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту барысы талқыланып, бірінші кезекте топ тәрбиешілері анықталып, соған сәйкес топтар бөлінді.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С. Ермаганбетова. Педагогтарды аттестаттау туралы айтып өтті. Биылғы оқу жылына 28.08.2024 №42 бұйрығымен сәйкес С.Сенғалиева тәрбиеші лауазымы бойынша «педагог – модератор» біліктілік санаты берілді. 2024-2025 оқу жылына өтініш беретін педагогтар Г.Байсеркешова «педагог зертеуші»

А.И. Джумағалиеваның «педагог-сарапшы», Л.Толыбаева музыка жетекшісі «педагог-сарапшыға» құжаттарын талдау, тексеру. тексеру барысында көптеген түзетулер енгізілді

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С. Ермаганбетова 5. Топтардың даярлығы туралы меңгеруші әр топтың жаз мезгілінде жеңіл техникалық жөндеуден өткенін, тазалау, әктеу жұмыстары өткізілді. Топта барлық құрал жабдықтар бала санына жеткілікті екенін атап өтті.

Қабылданған шешім:

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарына талдау қанағаттанарлық деп танылсын
2. Балабақшаның жаңа 2024-2025 оқу жылына даярлығы қанағаттанарлық деп танылсын
3. №35 «Балбұлақ» балабақшасы МКҚК 2024-2025 оқу жылының жылдық жоспары, күн тәртібі бекітілсін.
4. Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы қанағаттанарлық деп танылып, 2024 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап бұйрықта көрсетілген педагогтерге еңбек ақысы талапқа сай есептелсін.

Пед кеңес төрайымы: №35 «Балбұлақ» балабақша меңгерушісі: Ермаганбетова М.С.

хатшы: А. Ержан



Төрайым: М.С. Ермаганбетова

Әдіскер: Ж.С. Нурғалиева

Педагогтар.

№2 педкеңестің жоспары

1. №1 пед кеңестің шешімі

2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы

3. Жаппай бақылау нәтижесі:

Мектеп жасына дейінгі балаларды біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыру, ашық қаралымның нәтижесі

Тыңдалды: Ермаганбетова М.С. меңгеруші 1. №1 пед кеңестің орындалуы туралы айтып өтті.

2. 02.12.2024 №611 бұйрығына сәйкес Л.М. Толыбаева музыка жетекшісі лауазымы бойынша «педагог-сарапшы» біліктілік санаты берілді

2025 ж 1 қаңтарынан бастап бұйрықта көрсетілген педагогтер еңбек ақысы талапқа сай есептелінетіні мәлімделді. 2024-2025 оқу жылының 2 жарты жылдығына жоспар бойынша аттестатталуға өтініш беретін педагогтер Меңгеруші М.С. Ермаганбетова, тәрбиешілер: Р. Канаева, Камыспаева Г, Ешмаганбетова 3 электронды портфолиялары мен әдістемелік құралдар даярлауы талап етілді.

3. Тыңдалды: Нурғалиева Ж.С. әдіскер Мектеп жасына дейінгі балаларда біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыру. Ашық қаралымдар нәтижесі бойынша барлық педагогтардың іскерлік ойындары қаралды. негізгі міндет мектеп жасына дейінгі балаларда біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыруды іскерлік ойындарда қолдануын анықтау. Балалардың ұйымдастырылған іс әрекетіндегі игерген біліктері байқалады. Педагогтардың перспективті жоспарындағы айлық тақырыбы циклограммада да балалармен жүргізілетін кез келген жұмыстардың түрлерінде де біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыру жоспарланған. Іскерлі ойындарды бақылау барысында төмендегідей көрсеткіштер анықталды, біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыру тақырыптардың тиімділігі анықталды.

1. «Айгөлек» ортаңғы топ «Зерек бала-ақылды ана»

2. «Гүлдер» ортаңғы тобы «Ұлттық құндылықты ұлағаттайық»

3. «Балапан» мад тобы «Ұлттық ойын ұлт қазынасы»

4. «Күншуақ» мад тобы «Үлкенге құрмет, кішіге ізет»

5. «Алма» ересек тобы «Зерек бала-ақылды ана»

Қабылданған шешім:

1. педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылсын

2. Мектеп жасына дейінгі балаларды біртұтас тәрбие бағдарламасын қалыптастыру іскерлік ойындарда қолдануды жақсы игерген жоғары көрсеткіштегі тәжірибелі педагогтар мен төменгі көрсеткіштергі педагогтар мен жас мамандар әлі де ізденуді талап

етеді.

Ұсыныстар:

Іскерлік ойындарды жоғары көрсеткен педагогтер баспаларға жариялансын. Төмен деңгей көрсеткен топтар іскерлік ойындарға кемшіліктерді жою, түзету. Оқу жылына өткізілген барлық ҰІӨ видео сабақтар даярланып ютуб желісіне жүктелуге ұсынылсын.

Пед кеңес төрайымы: №35 «Балбұлақ» балабақша меңгерушісі: **Ермаганбетова М.С.**
хатшы: **Г.А. Ержан**



Төрайым: М.С. Ермаганбетова
Әдіскер: Ж.С. Нурғалиева
Педагогтар.

№1 педкеңестің жоспары

1. №2 пед кеңестің шешімінің орындалуы
2. Мектепке дейінгі мекемеде заттық кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру жаппай бақылау нәтижелері

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С. Ермаганбетова педагогикалық кеңесті жалпы балабақшадағы оқу-тәбие процесінің жүргізілуі, күн тәртібіндегі мәселелермен таныстыра отырып №2 педкеңестің шешімінің орындалуы туралы айтып өтті.

Тыңдалды: Нурғалиева Ж.С. әдіскер: Топтардағы заттық кеңістік дамытушы ортаны ұйымдастыру жаппай бақылау нәтижелері бойынша атап өтті, тәрбиеленушілерге дамытушы ортаны неғұрлым тиімді ұйымдастыру үшін педагогтарға

- топ бөлмесіндегі заттық дамытушы орта бұрышын толықтыру, жаңарту;
- Заттық дамытушы орта бойынша көрнекі құралдар жасауға көмек
- Дамытушы орта бойынша көрнекілік құралдар жасауға көмек

Барлық жас ерекшелік топтарында заттық дамытушы орта бойынша жүргізілетін жұмыстары әдістеме мен бағдарлама талаптарына сай, түрлендіруге әлі де толықтыруды қажет етеді.

Қабылданған шешім:

1. №1 педкеңестің шешімінің орындалуы «қанағаттанарлық» - деп танылсын
2. Балабақшада тәрбиеленушілерге заттық дамытушы ортада тәрбие беру бойынша жүргізілетін жұмыстар «қанағаттанарлық» - деп танылсын. Осы бағыттағы жұмыстардың тиімділігін көтеруді жалғастыру.

Ұсыныс:

1. Ата-аналар балабақша өміріне белсенді араластыру.
2. Барлық жас ерекшелік топтарында заттық дамытушы орта бұрышын түрлендіру
3. Балаларға дамытушы ойындар арқылы тәрбие беру барысында педагогтар заттық дамытушы көрнекіліктер көмегімен ойындар өткізуді қолдану.

Пед кеңес төрайымы: №35 «Балбұлақ» балабақша меңгерушісі: Ермаганбетова М.С.
хатшы: Т.А. Ержан



Төрайым:М.С.Ермаганбетова

Әдіскер:Ж.С.Нурғалиева

Педагогтар.

№1 педкеңестің жоспары

- 1.№3 пед кеңестің шешімінің орындалуы
- 2.Жыл қорытындысы бойынша педагогтардың өзіндік талдауы
- 3.Жаппай бақылау нәтижесі:
Қорытынды ашық қаралым бройынша талдау
- 4.2024-2025 оқу жылындағы балалар мониторингінің қорытындысы
- 5.2025 ж.Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы
- 6.Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі М.С. Ермаганбетова.

1.№3 пед кеңестің орындалу барысында біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша түзету жұмыстары жүргізіліп педагогтар іс-тәжірибемен бөлісіп, өткізілген іс әрекеттер басылымдарға жіберілді.

Тыңдалды:Нурғалиева Ж.С. әдіскер:2.Жыл қорытындысы бойынша педагогтердің өзіндік талдау жүргізілді.Педагогтер топтардағы бала саны мониторинг нәтижелері туралы мәлімет алынды.Биылғы оқу жылында Балапан, Күншуақ мад топтары балабақшаны аяқтайды.3.Барлық топтар қорытынды ашық қаралымдар жүргізді.Қорытынды ашық қаралым нәтижелері анықталды, талдау жүргізілді жоғары көрсеткіштегі ашық қаралымдар баспаға жариялауға ұсыныс айтылып ашық қаралым хаттамасы толтырылып, бақылау парақтары педагогтердің толтырылды.

Тыңдалды:Нурғалиева Ж.С. әдіскер:2024-2025 оқу жылындағы мониторинг қорытындысы бойынша балалардың біліктері мен дағдылары дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері анықталды.Барлығы 150 бала.Ортаңғы топтар 47 бала.Ересек топтар 50 Мектепалды топ 53

Физикалық қасиеттер:Ортаңғы топ жоғары деңгей 27, орташа 14 төмен 8

Ересек топтар:жоғары деңгей 39 орташа 8 төмен 3

Мектеп алды топ жоғары 48 орташа 5 төмен 0

Коммуникативті дағды ортаңғы топ жоғары 8 орташа 25 төмен 14. Ересек топтар:жоғары деңгей 17 орташа 24 орташа 9 Мектеп алды топ жоғары 40 орташа 13 төмен 0

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту бойынша .Ортаңғы топ жоғары 6 орташа 23 төмен 18 Ересек топтар:жоғары деңгей 22 орташа 19 төмен 9 Мектеп алды топ жоғары 40 орташа 13 төмен 0. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту бойынша. Ортаңғы топ жоғары деңгей 16, орташа 25 төмен 6 Ересек топтар:жоғары деңгей 22 орташа 24 төмен 4

Мектеп алды топ жоғары 40 орташа 13 төмен 0

Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Ортаңғы топ жоғары деңгей 8, орташа 31 төмен 8. Ересек топтар:жоғары деңгей 23 орташа 21 төмен 6

Мектеп алды топ жоғары 42 орташа 11 төмен 0

5. Тындалды: Балабақша меңгерушісі М.С. Ермаганбетова.

2025 ж. Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы Канаева Р «педагог- модератор» №23 бұйрықпен 20.05.2025 ж санат берілді.

Ермаганбетова М 2 санат басшы .Ешмаганбетова З.педагог-зерттеуші, Камыспаева Г.педагог –зерттеушіге аттестаттау қорытындысы күтілуде, барлық құжаттары салынды талапқа сай.

6. Тындалды:Нургалиева Ж.С. әдіскер: Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту туралы айтып өтті.Биылғы жазғы сауықтыру кезеңінде екі топ мад топтары балалары кетеді, жаңа балалар 1 маусымнан келеді.Барлық топтарға жұмыс кестесі күн тәртібі, жазғы сабақ кестесі құрылды.

Қабылданған шешім:

1.№3 пед кеңестің шешімінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын

2. Жыл қорытындысы бойынша педагогтардың өзіндік талдауы қанағаттанарлық деп танылсын

3. Жаппай бақылау нәтижесі: Қорытынды ашық қаралым бойынша талдау қанағаттанарлық деп танылсын

Ұсыныс:Педагогтердің жоғары деңгейде өткен ашық қаралымдары баспаға ұсынылсын.

Олар:Нурписова Г.Джумагалиева А.Ержан Г.

4.2024-2025 оқу жылындағы балалар мониторингінің қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын

5.2025 ж.Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын

6.Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспары бекітілсін.

Пед кеңес төрайымы:№35 «Балбұлақ» балабақша меңгерушісі: **Ермаганбетова М.С.**
хатшы: **Г.А. Ержан**

